

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының шешімімен  
(2021 жылғы 23 сәуірдегі № 45 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің  
жалпы жиналысының шешімдерімен енгізілген  
өзгерістермен (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48  
хаттама және 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50  
хаттама)

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҒАН НАРЫҒЫНДА АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындаудың әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың (бұдан әрі - Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және Банктің ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Әдістемеді пайдаланылатын терминдердің келесі анықтамалары бар:

1) *акция* – Банк шығаратын және Банкті басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд алу және ол таратылған кезде Банк мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

2) *Бас Банк* – Банк Басқармасы орналасатын жердегі және оның оқшауланған бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін Банктің бас кеңсесі;

3) *оқиға күні* – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда Банк акционерінің өзіне тиесілі Банк акцияларын сатып алу туралы талап қоюы үшін негіз болатын оқиға күні;

4) *депозитарлық қолхат* – осы депозитарлық қолхаттың базалық активі болып табылатын Банктің жай акцияларының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

5) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығы* – бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, онда бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, оның ішінде шетел валюталарымен және туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады;

6) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы* - эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, олармен жасалатын мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

7) *сауда-саттықты ұйымдастырушы* – «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес орталық депозитарийдің клиенттері арасында баға белгілеулермен алмасу жүйесін пайдалану және оған қолдау көрсету арқылы сауда-саттықты

ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруы кезіндегі қор биржасы немесе орталық депозитарий;

8) *орналастырылған акциялар* - бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар құнын төлеген Банк акциялары;

9) *уәкілетті орган* – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) *қор биржасы* – осы Әдістеменің мақсатында «қор биржасы» термині Банктің бағалы қағаздарын Банк бастамасы бойынша айналымға жіберетін «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE), Astana International Exchange (бұдан әрі – AIX) және London Stock Exchange (бұдан әрі – LSE) білдіреді.

3. Осы Әдістеменің қолданылған және Әдістеменің 2-тармағында көрсетілмеген ұғымдар мен қысқартулар Қазақстан Республикасының және өзге мемлекеттердің заңнамасында бекітілген мәнде қолданылады.

*Әдістеменің 4-тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес екінші бөлікпен толықтырылды.*

4. Банктің бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және KASE-ның ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

*Банктің уәкілетті органының бір шешімі шеңберінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында Банк акцияларды сатып алған кезде, егер Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, акциялар бірыңғай баға немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесі бойынша сатып алынады.*

5. Осы Әдістеменің күші:

1) Банктің бастамасы бойынша;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жағдайларда акционердің талап етуі бойынша;

3) акционердің өтініші бойынша Банк орналастырған акцияларды Банктің сатып алу жағдайларына қолданылады.

6. Орналастырылған акцияларды сатып алу оларды кейіннен сату, акционерлердің құқықтарын сақтау мақсатында (Банкте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерге тиесілі акцияларды сатып алу міндеті туындаған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүзеге асырылады.

*Әдістеменің 7-тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес екінші бөлікпен толықтырылды (2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50 хаттама)*

7. Орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының резидент емес акционерлерінен сатып алу Қазақстан Республикасының резидент акционерлері үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

*Банктің өз депозитарлық қолхаттарын сатып алуы қолданылатын халықаралық практикаға сәйкес жүзеге асырылады.*

8. Банк акционерлерінің осы Әдістеменімен танысуға құқығы бар.

## **2-тарау. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуының жалпы талаптары**

*Әдістеменің 9-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес толықтыру енгізілді.*

9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген акционерлік қоғамдарға және (немесе) екінші деңгейдегі банктерге өздері орналастырған акцияларды сатып алуға тыйым салатын негіздер болған кезде Банк өзі орналастырған акцияларды сатып алуды жүзеге асыруға құқылы емес.

10. Банк сатып алған және сатып алатын акциялардың жалпы саны орналастырылған акциялардың жалпы санының 25%-нан (жиырма бес пайызынан) аспауға тиіс, ал орналастырылған акцияларды сатып алуға арналған шығыстар Банктің меншікті капиталы мөлшерінің 10%-нан (он пайызынан) аспауға тиіс:

1) орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған кезде:

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы осы Әдістеменің 30-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді қабылдайтын күнгі;

сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың делистингі туралы шешім қабылдаған күнгі;

ірі мәміле және (немесе) Банк мүдделілік танытқан мәмілені бекіту туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша;

2) орналастырылған акцияларды Банк бастамасымен және акционердің өтініші бойынша сатып алған кезде - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша.

11. Банк мәмілелер жасау нәтижесінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтер және қаржылық тұрақтылықтың өзге де көрсеткіштері немесе өлшемшарттары (нормативтері) бұзылмаған жағдайда, акциялардың 10 (он) және одан да көп пайызына ие акционерлерден акцияларды сатып алу бойынша мәмілелер жасауға құқылы.

12. Банк сатып алған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын айқындауда ескерілмейді және онда дауыс беруге қатыспайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивиденд есептелмейді және төленбейді.

13. Акционерлер тарапынан сатып алуға мәлімделген орналастырылған акциялардың жалпы саны Банк сатып алуға жариялаған не Банк сатып алуы мүмкін акциялар санынан асып кеткен жағдайда, бұл акциялар акционерлерден тиесілі және мәлімделген (орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша немесе акционердің өтініші бойынша сатып алған жағдайда) не тиесілі (орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған жағдайда) акциялар санына барабар сатып алынады.

*Әдістеменің 14-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес толықтыру енгізілді.*

14. Банктің сатып алынатын акцияларының пропорциялар коэффициенті (К) келесі формула бойынша белгіленеді:

$$K = S / Q, \quad \text{мұнда}$$

S – Банк сатып алуға мәлімдеген (орналастырылған акциялар Банк бастамасы бойынша немесе акционердің өтініші бойынша сатып алынатын жағдайда) немесе Банк сатып алуы мүмкін (орналастырылған акциялар акционердің талап етуі бойынша сатып алынатын жағдайда) акциялардың жалпы саны;

Q – сатып алуға мәлімделген орналастырылған акциялардың жалпы саны.

Банктің акционерден сатып алуы мүмкін акциялардың түпкілікті саны акционерге тиесілі және мәлімделген (орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша немесе акционердің өтініші бойынша сатып алған жағдайда) не акционерге тиесілі (орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған жағдайда) акциялардың санын, **егер Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, есептеу кезінде мәні үтірден кейін сегіз таңбаға дейін дөңгелектенетін** пропорциялар коэффициентіне (К) көбейту жолымен есептеледі. Егер жоғарыда сипатталған есептеуді қолдану қорытындысы бойынша акционерден Банк сатып алатын акциялардың саны акциялардың бүтін санына тең болмаса, онда мұндай акционерден Банк сатып алатын акциялардың саны акциялардың бүтін санына дейін аз жағына дөңгелектенеді.

### **3-тарау. Банктің бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында орналастырылған акцияларды сатып алуы**

#### **§ 1. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу тәртібі**

15. Банк өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды акционердің келісімімен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда сатып алуды жүзеге асыруға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алуы, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) Банктің Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

16. Банк орналастырылған акцияларды мына жағдайларда сатып алуға құқылы емес:

1) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;

2) егер акцияларды сатып алу сәтінде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не мұндай белгілер Банкте сатып алуға талап етілетін немесе болжанатын барлық акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

3) егер сот немесе Банк акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Банкті тарату туралы шешім қабылдаса;

*Әдістеменің 4) тармақшасына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді.*

4) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

17. Банктің мүдделерін ескере отырып және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Банк Басқармасы Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы Банктің Директорлар кеңесіне өтінішхатпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте Банк Басқармасының өтінішхаты келесіні қамтуы тиіс:

1) орналастырылған акцияларды сатып алудың орындылығы мен сатып алу мақсатының негіздемесі;

2) сатып алынатын акциялардың саны мен түрі;

3) орналастырылған акцияларды сатып алу бағасын немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесі;

*Әдістеменің 4) тармақшасына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50 хаттама)*

4) Банк акционерлерінен сатып алуға өтініштер қабылданатын мерзім және/немесе Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы жүзеге асырылатын және Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзім;

5) орналастырылған акцияларды сатып алу талаптары.

18. Басқарманың өтінішхатымен келіскен жағдайда Банктің Директорлар кеңесі Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

*Әдістеменің 19-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді (2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50 хаттама)*

19. Банктің Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесі, Банк акционерлерінен сатып алуға өтініштер қабылданатын мерзім және/немесе орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы жүзеге асырылатын және Банк оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзім және оларды сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуға тиіс.

20. Егер Банктің бастамасы бойынша сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесі жасалғанға дейін олардың жалпы санының 1%-ынан (бір пайызынан) асатын болса, Банк өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы Банктің қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің қалауы бойынша Банктің Жарғысында айқындалған басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру арқылы мұндай сатып алу туралы өзінің акционерлеріне хабарлауға міндетті.

*Әдістеменің 21-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді.*

21. Банктің өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыруында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес мәліметтер болуға тиіс.

*Әдістеменің 22-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді.*

22. Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алу Банк акционерінің немесе оның уәкілетті/заңды өкілінің жазбаша өтініші негізінде Банктің акцияларын сатып алу-сату шартына қол қою арқылы акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасу және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Банктің сатып алу туралы өтініші өзінің депозитарлық қолхаттарын сатып алуын қоспағанда талап етілмейді және оларды сатып алу тәртібі қолданылатын халықаралық практикаға сәйкес айқындалады. Банктің акцияларды сатып алуы туралы өтінішті акционер немесе оның уәкілетті/заңды өкілі береді.

Банктің бастамасы бойынша Банкке акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасу туралы ұсынысы, сондай-ақ мәміленің елеулі талаптарына нұсқауы бар акцияларды сатып алуға өтінішті Банк акционері не оның уәкілетті/заңды өкілі тиісті құжаттардың негізінде өз қолымен толтырып, қол қоюға, содан кейін тікелей немесе Банктің облыстық/өңірлік филиалдары арқылы (бөлшек, шағын және орта бизнес клиенттеріне қызмет көрсету бойынша стационарлық сату арналары) Бас Банкке жіберуге тиіс. Бұл ретте Банктің бастамасы бойынша акцияларды сатып алуға өтініште акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасуға ықпал ететін және Банктің сұрау салуы бойынша ұсынылуы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де мәліметтер болуы мүмкін.

Акцияларды сатып алуға арналған өтінішке Банк акционері Банк акцияларын сатып алу-сату шартын жасау үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін қоса беруге тиіс. Банк өзге де қосымша құжаттарды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, талап етуге құқылы.

## **§ 2. Банктің орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібі**

23. Өзіне тиесілі орналастырылған акцияларды сатқысы келетін Банк акционері Банктің акционерге тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

*Әдістеменің 24-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді.*

24. Акционердің Банктің өзіне тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтініші жазбаша түрде жазылуға тиіс және Банктің акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасу туралы ұсынысы, мәміленің елеулі шарттарын көрсетуі тиіс. Бұл ретте акционердің акцияларды сатып алуға өтінішінде акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасуға ықпал ететін және Банктің сұрау салуы бойынша ұсынылуы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де мәліметтер болуы мүмкін.

Акцияларды сатып алуға арналған өтінішке Банк акционері Банк акцияларын сатып алу-сату мәмілесін жасасу үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін қоса беруге тиіс. Банк өзге де қосымша құжаттарды, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, талап етуге құқылы.

25. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішін акционер тікелей не Банктің облыстық/өңірлік филиалдары (бөлшек, шағын және орта бизнес клиенттеріне қызмет көрсету жөніндегі стационарлық сату арналары) арқылы Бас банкке жіберуге тиіс.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) Банктің Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Банктің орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуы осы Әдістеменің 17-19-тармақтарына сәйкес тәртіпте қабылданған Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

27. Осы Әдістеменің 16-тармағында көзделген жағдайларда Банк орналастырылған акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алуға құқылы емес.

28. Акционердің өтініші бойынша Банктің акцияларды сатып алуы Банк пен акционердің арасында акцияларды сатып алу-сату шартын жасасу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды сатып алу-сату мәмілесін тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

29. Егер Банктің акционердің өтінішіне сәйкес сатып алатын акцияларының саны орналастырылған акциялардың жалпы санының 1%-ынан (бір пайызынан) асқан жағдайда, бұл сатып алуға Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Әдістемеде белгіленген нормалар қолданылады.

### **3. Банктің орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алу тәртібі**

*Әдістеменің 30-тармағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес б) және 7) тармақшалармен толықтырылды.*

30. Банк орналастырылған акцияларды акционердің талабы бойынша сатып алуға міндетті, бұл талап оларға мынадай жағдайларда ұсынылуы мүмкін:

1) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және оған қарсы дауыс берсе);

2) акционерлердің жалпы жиналысы акцияларды делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) Банктің Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәмілені жасасу туралы шешіммен және (немесе) оны жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешіммен келіспеген жағдайларда;

5) акционерлердің жалпы жиналысы Банктің Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе);

6) акционерлердің жалпы жиналысы акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау бөлігінде осы Әдістемеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе).

Осы Әдістеменің мазмұнын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Әдістемеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда осы тармақшаның ережесі қолданылмайды;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

31. Акционер осы Әдістеменің 30-тармағында көрсетілген шешімдер қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Банкке өзіне тиесілі акцияларды Банкке жазбаша өтініш жіберу арқылы сатып алу туралы талап қоюға құқылы.

32. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші жазбаша нысанда жасалуға тиіс, сатып алу туралы нақты және бір мәнді талапты, акционердің сатып алуға қойылатын акциялардың саны мен түрін, акционердің мекенжайы мен байланыс телефондарын,

акционердің акцияларды сатып алуды жүргізуді талап ететін шешімін, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

33. Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Бас банкке жіберілуге тиіс. Акционердің талабы бойынша Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

34. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініш берген жағдайда Банк акционерден өзіне тиесілі акцияларды акционердің өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде сатып алуға міндетті. Банктің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы акционердің өтінішін алған күні оның Бас банктің кеңсесінде өтінішін тіркеу күні болып табылады.

35. Банк акционерге осы Әдістеменің 30-тармағында көрсетілген негіздер болмаған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Банктің өзі орналастырған акцияларды сатып алуды жүзеге асыруына тыйым салатын өзге де жағдайларда Банктің уәкілетті органы бас тарту себептері көрсетілген, сатып алудан бас тарту туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібере отырып, акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы.

36. Банк акционерінің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуды Банк акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасу және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Банктің бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында орналастырылған акцияларды сатып алу құнын айқындау әдістемесі**

37. Акцияларды сатып алу бағасын айқындау кезінде Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді мынадай әдістемелердің бірі бойынша айқындалған баға бойынша қабылдауға құқылы:

- 1) орташа есептелген нарықтық баға бойынша;
- 2) нарықтық бағасы бойынша;
- 3) Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескере отырып белгіленген баға бойынша.

#### **§ 1. Акцияларды орташа есептелген нарықтық баға бойынша сатып алу құнын айқындау әдістемесі**

*Әдістеменің 38-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді*

38. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы Банктің Директорлар кеңесі айқындаған кезең үшін осы Әдістемеді белгіленген тәртіппен есептелетін акциялардың орташа өлшенген нарықтық бағасы бойынша жүргізілуі мүмкін.

*Әдістеменің 39-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді*

39. Банк акциялардың орташа өлшенген нарықтық бағасын есептеу үшін Банктің Директорлар кеңесі белгілеген параметрлерге сәйкес акциялармен және/немесе депозитарлық қолхаттармен сауда-саттық көлемі туралы деректер пайдаланылады.

*Әдістеменің 40-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді*

40. Акциялардың орташа өлшенген нарықтық бағасы (С) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = V / A, \quad \text{мұндағы}$$

V – Банктің Директорлар кеңесі белгілеген параметрлерге сәйкес келетін ақшалай мәндегі акциялар және/немесе депозитарлық қолхаттар бойынша мәмілелердің көлемі;

A – Банктің Директорлар кеңесі белгілеген параметрлерге сәйкес келетін мәмілелердегі акциялардың және/немесе депозитарлық қолхаттардың саны.

#### **§ 2. Акцияларды нарықтық бағасы бойынша сатып алу құнын айқындау әдістемесі**

*Әдістеменің 41-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді*

41. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің Директорлар кеңесі Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдаған күнге (орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша немесе акционердің өтініші бойынша сатып алған жағдайда) не оқиға күніне (акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алған жағдайда) не Банктің Директорлар кеңесі белгілеген өзге де күнге (күндерге) (акцияларды сатып алудың барлық жағдайларына қатысты) KASE-нің ішкі қағидаларына сәйкес есептелген және KASE-нің интернет-ресурсында жарияланған акцияның нарықтық бағасымен жүргізілуі мүмкін.

*Әдістеменің 42-тармағына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес өзгерістер енгізілді*

42. Әдістеменің 41-тармағында көрсетілген акцияның нарықтық бағасы болмаған жағдайда, орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің Директорлар кеңесі Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдаған күнге (орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша немесе акционердің өтініші бойынша сатып алған жағдайда) не оқиға күніне (акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алған жағдайда) не Банктің Директорлар кеңесі белгілеген өзге де күнге (күндерге) (акцияларды сатып алудың барлық жағдайларына қатысты) KASE-нің ішкі қағидаларына сәйкес есептелген және KASE-нің интернет-ресурсында жарияланған индикативті бағамен жүргізілуі мүмкін.

### **§ 3. Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескере отырып белгіленген баға бойынша акцияларды сатып алу құнын айқындау әдістемесі**

43. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне, сондай-ақ оның даму перспективаларына, екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтерді сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және бағалы қағаздардың бағасына әсер ететін өзге де факторларға сәйкес соңғы есепті тоқсандық күндегі жағдай бойынша Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескере отырып белгіленген баға бойынша жүргізілуі мүмкін. Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескере отырып белгіленген акцияларды сатып алу бағасын айқындау үшін Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамды тартуға құқылы. Мұндай тұлғаның қызметтеріне ақы төлеуді Банктің Директорлар кеңесі осындай қызметтерге ақы төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Банктің орналастырылған акцияларын талап ету бойынша немесе оның бастамасы бойынша сатып алу жүргізілетін тарап не Банк жүргізеді.

### **5-тарау. Қорытынды ережелер**

44. Осы Әдістемеді реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

45. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасын, KASE-нің ішкі қағидаларын өзгерту нәтижесінде осы Әдістеменің жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және/немесе KASE-нің ішкі қағидаларын басшылыққа алу қажет.



Прошито и пронумеровано

на 8 страницах

  
Директор Департамента  
управления капиталом Группы  
АО «Народный Банк Казахстана»  
**Низамова Х.Г.**

